

**ХАТТАМА № 6**

2023 жылғы 25 ақпан

Жанаөзен ауылы

**Директор жанындағы кеңес отырысы**

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі,  
пән мұғалімдері, сынып жетекшілері.

**Күн тәртібі:**

1. Спорт секцияларының жүргізу жағдайы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева).
2. 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі мен 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі туралы (мектеп психологы А.М.Канашева).
3. Кәсіптік бағдар беру жұмысы туралы (директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Ашимханов).
4. Оқушылардың санитарлық-гигиеналық талаптарын тексеру қорытындысы туралы (мейіргер Е.Е.Турлыханов).

**Тыңдалды:**

**1. Г.Ж.Тагаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары .**  
- Спорт секцияларының 1 жартыжылдықта жүргізілген жұмыстары бойынша есеп.  
Тексеру мақсаты: Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорттық ойындарға белсенділіктерін арттыру.  
Мектепте 8 спорттық секция бар. Олар: волейбол (ұлдар, қыздар), баскетбол (ұлдар, қыздар), шахмат, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, футбол. Жетекшілер дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері бекітілген кестеге сәйкес секция жұмыстарын үзбей өткізіп отырады. Жалпы жыл сайын оқушылар көптеген облыстық, аудандық жетістіктерге жетуде. Қазіргі уақытта барлық санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты секция жұмысының өткізуде жетекшілер барлық талаптарды орындайды. Сонымен қатар секция жұмысының онлайн түрі де қарастырылған. Алдымыздағы оқушылардың жеке қабілеттерін анықтау, қалыптастыру, дамыту-біздің педагогикалық міндетіміз екендігін ұмытпауымыз қажет.

**2. А.М.Канашева – мектеп психологі.**

Жана оқу жылының психологиялық жоспарына сәйкес 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі мен 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау және дамыту жұмыстарын бірінші жартыжылдыққа жоспарланған.  
1 а.ә сынып оқушыларымен қыркүйек айында оқушылардың жағымды бейімделуіне жағдай жасау, жылы достық қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында «Мектепке саяхат», жаңа жыл мерекесі қарсаңында көңіл-күйлерін көтеру, ойын жаттығулар арқылы оқушылардың логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істей білуін дамыту, танымдық ауқымын кеңейту мақсатында «Кішкентай, көңілі балалар» тақырыбында тренинг-жаттығулар ұйымдастырылды. 1 «А» сынып оқушысы Сламқан Нуралиде мектепке бейімделуіне

байланысты қиындықтар болды. Мектеп әкімшілігі анасымен жүйелі жұмыс жүргізіп, мектеп психологы мен сынып жетекшісі тарапынан кеңестер беріліп, жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде қазіргі уақытта Нурали сабаққа еш қиындықсыз мектепке келуде.

5 а, ә сыныптарымен бастауыш буыннан орта буыннан өту кезіндегі бейімделуін психологиялық дайындығын, ой-өрісін даму деңгейін анықтау, психологиялық көмек көрсету мақсатында «Бесінші сынып дегеніміз не?» тренингі өткізілді. Сыныптағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Менің достарым», «Достық татулықтан басталады», 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі мен қиындықтарды анықтап, достық қарым-қатынас орнату. Ерекше оқытуда қажеттілігі бар оқушының орта буынға бейімделуін қалыптастыру мақсатында 5 «А» сыныппен «Біз 5-ші сыныпқа барамыз», оқушы жаттығулары мен ойындары өткізілді. Оқушының өз мінезіне басшылық жасай алуын қалыптастыру, көңіл күйін жағымды арнаға түсіруге баулу, көтеріңкі көңіл күйдің айналасындағыларға әсерін түсініп, сезінуге тәрбиелеу және шығармашылық қабілеттерін бағалай отырып, өзін-өзі бақылау түсінігін арттыруы мақсатында арт-терапияның бір түрі – маска терапиясы ұйымдастырылды. 5 «А» сыныппен оқушыларға дос, достық қарым-қатынасын нығайту, оқушыларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу, сыныптың психологиялық ахуалын жақсату мақсатында «Достық мекені» тақырыбында тренинг элементтері бар жұмыс жүргізілді. 5 «А» сынып оқушыларының бір-бірімен тиімді өзара әрекеттесуін құру, танымдық қызығушылықты дамыту, белсенді өмірлік ұстаным қалыптастыруға ықпал ету, тұлғааралық қарым-қатынастардағы кедергілерді жеңу, қарым-қатынас дағдыларын дамыту мақсатында «Өзара сыйластық-сыныптың бірігуінің негізі» тақырыбында тренинг өткізілді. 5 «А» сынып оқушылары арасында оқушылардың бойынан «Сүйіспеншілік», «Бақыт», «Өмір» құндылықтарын мәнін аша отырып, дұрыс іс-әрекет жасауға тәрбиелеу мақсатында «Бақытты балақай» атты тақырыпта арт-терапия жұмысы өткізілді. 5 «Ә» сыныппен оқушылардың қызығушылығын, қиялын, ой-өрісін дамыту. Оқушылардың ойлау қабілетін және қиялдарын дамыту мақсатында арт-терапия техникаларының бірін қолданып «Мен ерекшемін!» тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді.

Жүргізген жұмыстарды қорытындылай келе, 5 а, ә сыныптарында кіші буыннан орта буынға бейімделу барысында ешқандай қиындықтар анықталмады.

### **3. К.Ашимханов – директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары .**

Кәсіптік бағдар беру жұмысы мектепте жоспарлы түрде жүргізіледі. Жалпы аталған жұмысты бастауыш сыныптан бастап жүргізу қажет болғанымен бастауыш және орта буын ұстаздары маңыздылығын әрі түсінбей келуде. 9-11 сыныптарда ғана жүргізілуге бағытталған жұмыс деп қабылдауда. 11 сынып оқушылармен жұмыс жасауда қызығушылықтарын арттыру мақсатында тақырыптық сынып сағаттары, дөңгелек үстел, тренингтер өткізілген. Жұмыс әрі қарай жалғасуда.

#### **Қаралған сұрақтар бойынша қабылданған қаулы:**

1. Спорт секцияларын қатан, жоспарлы түрде өткізу секция жетекшілеріне жүктелсін.
2. 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі мен 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі бойынша жұмыс әрі қарай жүргізілсін.
3. Кәсіптік бағдар беру жұмысы күшейтіліп, оқушылардың мамандық таңдауда толық ақпарат пен бағыт-бағдар беру барлық педагогтерге жүктелсін.
4. Оқушылардың санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау бойынша бақылау күшейтілсін.

5. Осы қаулының орындалуына жауапкершілік директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, мектеп психологтарына, мейіргерге жүктелсін.



Төрағасы:

Байғалиев К.С.

Хатшы

Мадьбаева А